

тұрғыдан дәлелдеп береді. “Қазақ ақындарының үйрену, оқуында жазып немесе кітаптан оқып үйрену әдеті сирек, мұнда ауызша үйреніп жаттау негізгі ақындық дәстүр. Сыншылдық, шешендік, тапқырлық өнер, лирикалық, эпикалық жырларды, мақал-мәтелдерді, аңыз-ертегілерді, халықтық сатираны әрі шығарып, әрі орындап, дамытып отырып, кейінгі ұрпаққа аса қызықты поэзиялық қазына етіп жеткізетін шығармашылық тәжірибе, үлгі қазақтың ақын, жыршы, жырау, әнші, өлеңшілерінің дәстүріндегі негізгі ерекшелік”»[3,17]. Ауыз әдебиетінің дәстүрінен үлгі алған Қожабай әрі ақын, әрі жыршы. Ол шығыс халықтарының қисса-дастандарын көп жырлаған. Өз ортасының сұраныс- тілектерін қанағаттандыру мақсатымен ол тарихтың желісіне түсіп те жыр орындаған. Қожабай жыршылық өнерімен де ел ішінде үлкен құрметке ие болған. Бұдан шығатын түйін мынау, Қожабайдың жыршылық өнері табиғи қабілетіне ғана байланысты болмай, ауыл- аймағының ұсыныс-сұраныстарына қарай қалыптасқандығы. Жыр- дастандарды жырлау арқылы Қожабай жыршылық дәстүрді де дамытты, біршама ілгерілетті. Оның осы бағыттағы ізденістері Иманжан, Болман ақындарға да әсер етпей қоймады. Қожабай, Иманжан және Болмандардың шығармашылық дәстүріндегі көркемдік ізденістерді мақал-мәтелдермен, өлең-жырлармен, нақыл сөздермен салыстырудағы мақсат – ақындық өнердің бастау – көздері бағзы заманның әдеби-мәдени мұраларында жатқандығын аңғарту еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасқабасов С. Мәдени мұра – рухани жаңғырудың негізі. Егемен Қазақстан , № 206 , XII,2003 жыл.
4. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы, 2001,-286б.
5. Ысмайылов Е. Ақындар. Алматы, 1956,-356б.

Балпанова Ш.Ж., академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, философия және психология факультеті, Ф-31 тобы, студент
(*Ғылыми жетекші – философия магистрі, аға оқытушы Дағарова Ж.О.*)

ЖАПОН ЕЛІНДЕГІ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАР ҮНДЕСТІГІ

Көптеген әлем халықтарының пікірінше, күншығыс елі құпия мен экзотикаға толы. Жапондықтардың салт-дәстүрлері, діндері мен өмір салттары батыстық қоғамда қабылданған әдет-ғұрыптардан, тәртіптер мен көзқарастардан ерекшеленеді. Сондықтан Жапонияға көшіп келген шетелдіктердің көпшілігі өмір бойы осы аралдық мемлекетте өздерін бөтен сезінеді. Әрине жапондықтардың моральдық философиясын жақсы түсіну үшін олардың мәдениетін, дінін зерттеу қажет. Себебі, дін және мәдениет адамның қалыптасуында және қоғамдағы өз орны мен рөлін анықтауға маңызды әсерін тигізеді. Жапондардың өмір сүру ерекшеліктері, олардың мәдениетінде қалыптасқан мінез-құлық жүйесін түсіну арқылы ашылады. Жапонияның діни дәстүрі бізге шындықтың көптеген жақтарын тануға негіз береді.

Қазіргі уақытта Жапония дінінің тақырыбы тек Жапонияда ғана емес, шетелдерде де зерттелуде. Жапондықтар көбінесе дінсіз немесе діни тұрғыдан немқұрайлы деп саналады, себебі бұл ел тұрғындарының көпшілігі бір уақытта бірнеше дінге сенеді немесе өздерін дінсіз санайды.

Әдетте, Жапонияда синтоизм мен буддизм кең таралған деп айтылады. Бірақ бұл діндер үшін "кең таралған" немесе "танымал" деген сөздер жеткілікті емес-олар жапондықтар өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады!

Синтоизмнен бастасақ, бұл ежелгі жапон діні. Оның шығу тегі жалпы көзқарастар бойынша белгісіз болғанымен, оның Жапонияда Қытай ықпалынан тыс пайда болғаны және дамығандығы ешкімге күмән тудырмайды. Жапондықтар әдетте синтоның мәні мен шығу тегі туралы білуге тырыспайды, ол үшін бұл тарих, дәстүр және өмірдің өзі. Синто ежелгі мифологияны еске түсіреді, яғни дүниеде барлығының жаны бар және ерекше қасиеттерге ие деп санайды. Әр ағашта, әр таста, әр өсімдік пен жануарда, ауада, тіпті әр сөзде құдай өмір сүреді деп ойлайды. Синтоизм жаратушының «күдіреттілік» діни рухына тәуелсіз, ол ең алдымен ата-бабаларға және табиғатқа табынуға үйретеді.

Синтоизмнің практикалық мақсаты мен мәні Жапонияның ежелгі тарихын және жапон халқының құдайлық шығу тегін растау болып табылады: синто бойынша, микадо (император) — аспан рухының ұрпағы, ал әрбір жапондық — екінші дәрежелі рухтың ұрпағы - ками деп

саналады. Жапондықтар үшін ками құдайды, ата-бабаларды, батырларды, рухтарды білдіреді. Сонымен қатар, өмірден өткеннен кейін адамдар да синтоистік құдайлардың қатарына қосылады, сондықтан ата-бабалар әрқашан жандарында деп есептейді. [1,60] Мұның бәрі Жапонияны «ками» еліне, яғни «құдайлар еліне» айналдырады. Сіз жапондыққа «синтоизм» немесе «синто» десеніз, көпшілігі сізді түсінбеуі мүмкін, себебі «синто» сөзі діни тұрғыда естіледі. Күнделікті өмірде оны ешкім пайдаланбайды. Синтоизмді ешкім қабылдамайды, яғни синтоист болу үшін ешқандай ерекше рәсімдер жоқ. Бұл кез-келген жапондықтың туғаннан бастап өмірінде бар нәрсе. Бірақ барлық жапондықтар "ками" сөзі «құдай» немесе «құдірет» дегенді білдіретінін біледі. Дегенмен бұл олардың барлығы тылсым күштерге сенеді дегенді білдірмейді, бірақ күмәнмен қарау да ойларына келе бермейді.

Синтоизм туралы мәліметтерді біз ежелгі жапондық әдебиеттер, трактаттардан біле аламыз. Олардың біріншісі және маңыздысы - «Кодзики». «Кодзики» - бұл әртүрлі құдайлар мен олар туралы аңыздардан тұратын синтоизмнің қасиетті кітабы. Жапондық ұлттық рухтың түпнұсқалық мазмұнын құрайтынның барлығы осы кітапта. Алайда онда ешқандай моральдық өсиеттер, әділ мінез-құлық нормалары немесе күнға қарсы ескертулер жоқ. [1.61] Синто өзінің этикалық ілімінің жоқтығынан, басқа діндер туралы айтуға үйренген мағынада дін деп атауға да келмейді. Синто сенушіден күнделікті дұға етуді қажет етпейді - тек ғибадатханада салтанатты рәсімдер мен жоралғыларға қатысу жеткілікті. Күнделікті өмірде синто ұстанатын адамдар өздерін тек тазалыққа деген діни көзқарастары арқылы танытады. Ластық жамандықпен байланысты болғандықтан, тазарту барлық салттардың негізі болып табылады. Жапондықтарға тән табиғатпен қарым-қатынас сезімі, сондай-ақ тазалықтың тамыры өте тереңде жатыр.

Шын мәнінде, синто - табиғатқа таңданудан, табиғатқа деген сүйіспеншіліктен туған. Жапондықтар қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстарына, түсініксіз және үрейлі дүлей күштерінен қорыққаннан емес, кенеттен болатын апаттарына қарамастан, табиғаттың көбінесе мейірімді және жомарт болғандығына ризашылық сезімінен табынады. Синтоистік сенім жапондықтарды табиғатқа деген сезімталдықты, оның шексіз өзгермелілігінен ләззат алып, көпқырлы сұлулығына сүйсінуге тәрбиеледі. Жалпы алғанда, синтоизм – бұл дін емес, табиғатқа және әлемге құрметпен қараудан туған жапондық өмір салты. Сондықтан әрбір жапондық синтоист деуге болады.

Синтоизммен қатар елдің рухани құрамдас бөлігіне берік түрде орныққан дін – буддизм. Буддизм Жапонияға өте ертеде келді. Буддизм нақтылы, тура мағынада дін болғанымен, Жапонияда елеулі өзгерістерге ұшырады. Жапон буддизмінің басты мақсаты – адамның азап шегуден босауы. Өмірлік азапты жеңу адамның өзіне байланысты. Жапондық буддизм, адамның ішкі мәселелеріне назар аудара отырып, шындық тәжірибесіне байланысты тиімді көзқарасты ұсынды. Қалауынан бас тартуды уағыздайтын классикалық буддизмнен айырмашылығы, жапондық адамның қалауына қатысты ақылға қонымды қарым-қатынасты насихаттайды. Жапондық буддизмнің канондарына сәйкес, адамның тек шындыққа сәйкессіз, сенгісіз қалаулары ғана аландаушылық пен мазасыздықтың себебі бола алады. "Нұрлану" (жапон тілінде «сатори» бойынша) өмір сүруден бас тартумен байланысты емес, яғни «нұрланудан» кейін, адам өмірден ләззат алуын жалғастыруы керек. Жапон халқы үшін буддизм - бұл өмірді растайтын дін.

Буддизм жапон жерінде ақсүйектер діні ретінде тамыр жайды, ал синто қарапайым адамдардың діні болып қала берді. Жанның өзгеруі, оның қоныс аударуы сияқты күрделі ой-пікірлері бар буддизмге қарағанда, синтоизм аңыздары адамдар үшін әлдеқайда түсінікті болды. Буддизм өлімнен кейінгі өмірді бейнелеу үшін белгілі бір орынды алды. Жапондардың көпшілігі тұрақсыздық және өмірдің өткіншілігі сияқты буддистік философияның кейбір ұғымдарын ғана қабылдады. Иә, буддизм жалпыға ортақ әмбебап дінге айналған жоқ. Жапонияда буддистік тәжірибе негізінен өліммен байланысты: басқа әлемге қалай жіберу керек, қалай жерлеу керек, қалай еске алу керек - осының бәрін буддистік ілім түсіндіреді. Жалпы, бұл өте табиғи және ыңғайлы бөліну! Өмір, жасару, жарқырау, энергияға байланысты барлық нәрсе – синтоизм және ками. Ал өлімнен және одан кейінгі өмірмен байланыстының бәрі - буддизм.

Синто және буддизм – мұндай айқын контрасты елестету қиын. Бір жағынан табиғат пен ата-бабаларды қастерлеуге арналған қарапайым пұтқа табыну; екінші жағынан, терең философиямен қалыптасқан дін. Олардың арасында шешілмейтін күрес болуы мүмкін еді: бөтен дін тұтастай жергілікті дінді бәсеңдетуге тиіс немесе керісінше, өзінің күрделілігіне

байланысты қабылданбауы керек. Бірақ оның біреуі де болмады. Жапония буддизмді дұрыс қабылдай алды. Бір-біріне ұқсамайтын екі дін бейбіт қатар өмір сүрді және бірге өмір сүруді жалғастыруда. Жапондықтар үшін синтоистік және буддистік құдайлар атаулары әр түрлі, бірақ бір ұғымды білдірді. Табиғаттағы барлық нәрсені жаны бар деп қастерлейтін синто үшін Будданы құдайдың сансыз көріністерінің біріне жатқызу оңай болды. Тіпті синтоистік құдайлар Будданы жергілікті зұлым рухтардан қорғайды деген ниетпен, жапондықтарда буддистік және синтоистік храмдарды бір жерге салу дәстүрге айналды. Бұл діни синкретизм деп аталады - әр түрлі діндердің ерекшеліктері қосылып біріктіріледі. [2.11]

Жапон діншілдігін қарастыруға болатын тағы бір аспект - бұл "дінді" тар мағынада қабылдайтын жапондар үшін өзіндік «дінге ұқсайтын» жүйелер. Мысалға алсақ, конфуцийшілдік. Жапондықтар сыпайылықты жоғары бағалайды. Олар барлығының алдында тағзым етеді және оған конфуцийшілдіктің ықпалы күшті болды деген ой келеді. Сонымен қатар, жапондықтар ерекше тілдік стильді - сыпайы сөздерді қолданады. Орта мектептен бастап, өзінен үлкенірек және кіші оқушыларға қатысты сөйлеу стилі өзгеріп отырады және бұл үлкендерді құрметтеу және кішілерге қамқорлық жасау жүйесіне негізделеді. Ата-бабаға тағзым ету де конфуцийшілдікке тән қасиет. Жерлеу рәсімі мен қабірлерге бару буддистік рәсімдерде қолданылса да, сондай-ақ конфуцийшілдік белгілерге де жатады. [1.80]

Конфуцийшілдікті жапондардың жақсы қабылдауының тағы бір себебі, бұл ілімде буддизмдегідей жеке индивидтің психологиясына емес, жалпы қоғамға әсер ету қарастырылған. Алғашында тек ақсүйектердің құзіретінде болған білім, конфуцийшілдіктің арқасында халық арасына кеңінен таралды. Конфуций идеялары құқықтану мен әкімшілік басқаруға енгізілді, олар өмірдің көптеген аспектілерінде реттеуші күш ретінде пайда болды. Конфуцийшілдер моральдық функцияларды жақсы атқарды. Ғасырлар бойы адамдардың санасына енгізілген конфуциандық догмалар ұлт психологиясында белгілі бір мінез-құлықтық стереотиптер түрінде қалды. Қазіргі уақытта жапондық ойшылдар Конфуцийшілдікке сырттан енгізілген жүйе ретінде емес, шынайы жапондық болмысқа әсер ете алатын ілім ретінде қарайды.

Ал, христиан дініне келсек, Жапонияны христиан дініне кіргізу – ел тарихындағы ең күрделі, шиеленіскен оқиғаларға толы кезеңдердің бірі. Христиан дінін тарату мақсатында ең алғаш жапон жеріне енген португалдық католик миссионерлері еді. Олар дінді бейбіт тұрғындарды уағыздау және сауда арқылы енгізуді көздеді. Алғашында миссионерлердің ойлары жүзеге асып, ел ішіне еркін қол жеткізе отырып, жаңа шәкірттер қабылдауда үлкен жетістіктерге жеткенімен, дін таратушылардың адам жанынан бұрын жапон алтынын жинау қызықтырғанын білген жапон императоры Тейго, Жапониядағы христиан дінін жойып, өз иеліктерінен миссионерлерді қуып шығаруға шешім қабылдады. Христиандарды қудалаудың басты себебі, испандық иезуиттер, француздар мен португал көпестерінің байлықты көздеп, өз мақсаттарына жету үшін дінді қару ретінде пайдалануы болды.

Жапондардың христиан дінін қабылдауларының тағы бір себебі, олардың көпшілігі христиан дінінің қыр-сырын жетік білмеуі. Олардың прагматикалық ойлары абстрактілі-мистикалық христиан іліміне бейім емес, олар оған сенімсіздікпен және қорқынышпен қарады. Кейіннен миссионерлер арасында Жапония христиан дінін тарату үшін қолайлы орта емес деген пікір қалыптасты. Христиан діні жапондықтардың ұлттық психологиясына тікелей әсер етпесе де, мінез-құлқына жанама түрде ықпалын тигізді.

Күншығыс елінің тұрғындарында діни фанатизм кеңінен таралмады. Діни идея үшін немесе оған қарсы тұру үшін өздері де шықпады, басқаларды да жібермеді. «Жақсылық деген не, жамандық деген не?» деген сұрақтарға жапондар өздерінше, қарапайым тұрғыда жауап береді. Айналаңыздағы адамдар мақұлдайтынның бәрі жақсы, айыптайтынның бәрі жаман. Егер адам сүрініп, қателессе, көпшілік алдында өкініп, кешірім сұрау керек екенін анық біледі. Өз кінәсін көпшілік алдында мойындау бірінші дәрежелі мәнге ие болды. Кінәлі адамнан кешірім алу да маңызды болды. Тек осы жағдайда ғана олар қанағаттана алады. Жалпы, жапондықтар адамның кез-келген маңызды іс-әрекеттеріне жоғарғы күштерді араластырмауға тырысты, көбінесе өздеріне үміт артты. [3]

Жалпы жапондар, аса діншіл халық емес. Оларда дінді көбінесе эстетика алмастырады, яғни әсемдікке, сұлулыққа табыну. Сұлулық культін жапондардың ұлттық діні деп атау артық болмайды. Эстетикалық нормалар көп жағдайда осы халықтың өмірлік философиясын анықтайды. Жапондықтарға үйлесімділік сезімі тән. Эстетикалық талғам олардың бүкіл өмірін қамтиды. Жапондықтардың эстетизмі табиғатта барлық жерде сұлулық бар деген сенімге

негізделеді және адам оны көру үшін тек қырағылықты талап етеді. Жапондықтардың сұлулыққа деген сүйіспеншілігі олардың табиғатқа деген махаббатында жатыр, бұл сезім синто дінінен бастау алады. Яғни, синто дінінде табиғатқа табыну оның құбылыстарынан қорыққаннан емес, оған деген сүйіспеншіліктен туындады. Дәл осы ерекшелік, жапон өнерін, тұрмысын бейнелейді.

Қорыта айтқанда, Жапонияда дін, адамдарда тұрақты ұлттық стереотиптерді қалыптастыра отырып, белгілі бір реттеушілік функцияны жүзеге асырады деуге болады. Көптеген буддисттік және синтоисттік культтер ұлт өміріне берік кіріп, сіңісіп кетті. Шынында, жапондар тек жергілікті ұлттық дәстүрлерді бұзбайтын діндерді мойындады, ал осы бағытқа қарсы шыққан ілімдерге әрқашан тосқауыл жасады. Оның бәрі жапондардың дінге деген ерекше көзқарасын білдіреді. Дегенмен, жапон өміріне әсерін тигізген әрбір дін, олардың моральдық тұрғыда және қоғамда адам ретінде қалыптасуына, белгілі бір өмірлік салттарына, заңдылықтарына үлкен үлесін тигізді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пронников В. А., Ладанов И. Д. Японцы. Этнографические очерки. М., Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1983.- 270с.
2. Овчинников В.В. Ветка сакуры. Рассказ о том, что за люди японцы. «Издательство АСТ», 1970. – 151с.
3. Прасол А.Ф. Япония Лики времени. Менталитет и традиции в современном интерьере. «Издательство Наталис», 2008. – 416с.

Баспакова М.Е., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, исторический факультет, гр. ГИ-33, студент
(*Научный руководитель – к.и.н., доцент Абдрахманова К.К.*)

ИСТОРИОГРАФИЯ АФГАНСКОЙ ВОЙНЫ 1979-1989 ГГ.

Аннотация: в статье рассмотрена историография Афганской войны 1979-1989 гг. Рассмотрены и изучены советские, зарубежные и отечественные издания, раскрывающие события Афганской «необъявленной» войны с точки зрения противодействующих двух сторон. Автором дана оценка основным направлениям по историографии проблемы Афганской войны.

Ключевые слова: Афганистан, Афганская война, «необъявленная» война, историография, войны – интернационалисты.

Афганская война – это одна из самых трагичных периодов во всемирной истории. Она унесла за собой много людей, жизнерадостных, энергичных, которые искренне верили в святые идеалы интернационализма и собственного патриотического долга перед своей Родиной. Для советского народа эта война стала не меньшей трагедией, чем годы Второй мировой войны, хоть и военные действия проходили на территории другого государства, наша страна понесла не меньшие потери. И столько же она принесла нам героев-интернационалистов, которые отдавали свой долг и жизнь за честь страны и своего народа.

Исследование истории жизни воинов-интернационалистов, их сложившихся судеб так важно для понимания Афганской войны, ее влияния не только на сам Афганистан, но и государства бывшего СССР. В жизни многих она, эта «необъявленная» война, оставила неизгладимый след. На сегодняшний день многие по-разному судят о ней, у каждого свое собственное мнение, но имеет большое значение осознание того, что наши воины-интернационалисты героически выполняли свой воинский долг перед страной – с честью и достоинством. Афганская война волновала многих исследователей (политиков, историков и т.д.): причины ее возникновения, ответственных за нее, результаты этой войны и т.д. Интересна историография Афганской войны именно в годы самой войны и сразу после нее. Мнения и суждения были разные, и трактовалось все с точки зрения проводимой политики стран, откуда были они сами, открытое мнение, честно оценивающее ситуацию, встречалось очень и очень редко. Условно всю историю исследований по данной проблеме можно разделить на три группы: исследования советскими учеными, исследования зарубежными учеными и отечественные исследования.

В работе Теплинского Л.Б. «История советско-афганских отношений 1991–1987 гг.» (1988 г.) было проведено исследование автором советско-афганских отношений в